



## «UIB КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» ЖШС

### Хаттама №1

Өту мерзімі 09.09.2024ж

Қатысқандар: 30

Қатыспағандар: 0

### №1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ

### КҮН ТӘРТІБІ

№	Баяндама тақырыбы	Баяндамашы
1	Қабылдау комиссиясының 2024-2025 оқу жылына талапкерлерді қабылдау бойынша есебі.	Оқу бөлімінің меңгерушісі, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы – Куатова Анар Нургамзаевна
2	2024-2025 оқу жылына арналған оқытушылардың педагогикалық жүктемесі туралы ақпарат.	Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары – Исмагамбетова Майя Туралиевна
3	2024-2025 оқу жылындағы оқу – тәрбие жұмысы бойынша жоспар	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары – Тлеуова Жанар Сапарбековна
4	Нормативтік және оқу құжаттамасын бекіту	Директордың оқу – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары – Сисенбаева Асем Жанатовна
5	Әртүрлі сұрақтар	

## **Тыңдалды:**

Колледж директоры Якенова Куралай Жумабековна ұжымды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, 2024-2025 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмыстарының ерекшеліктері, білім беру барысы жайында, негізгі білім процесі және де колледждің ішкі тәртібі жайында сөз қозғады.

Сапалы білім беруге аса назар аудару керектігі жайында, оқу-тәрбие жұмыстары үшін білім беру ұйымы ұжымының күшін біріктіруі жайында атап өтті.

1. Оқу бөлімінің меңгерушісі Қуатова Анар Нургамзаевна, қабылдау комиссиясының 2024-2025 оқу жылына талапкерлерді қабылдау бойынша есебін берді. 2024-2025 оқу жылында өтініш білдірген білім алушылардың саны көбейіп, биылғы оқу жылдың үміткерлер арасында үздік аттестат иегерлері көп болғаны, сондай-ақ квотамен келгендер саны да аз болмағаны жайында атап өтілді.

2. Екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Исмагамбетова Майя Туралиевна 2024-2025 оқу жылына арналған оқытушылардың педагогикалық жүктемесі туралы ақпарат берді. Майя Туралиевна биылғы оқу жылының оқу жоспарының ерекшеліктері мен қолданыстағы еңбек заңнамасының нормаларымен таныстырды және оқу бағдарламаларын әзірлеу мен оқу құралдарын таңдау жайында айтып өтті. Конституцияға, сыбайлас жемқорлыққа және өзге де нормативтік фактілерге сай жұмыс жасалуы керектігі жайлы айтылды. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді.

2024-2025 жыл арасындағы берілетін білім сапасы жайында, аттестацияға дайындық, ұстаздың кәсіби деңгейін көтеру.

Сабақ барысын студенттерге қызықты етіп өткізу, жаңа білім беру технологияларын пайдалану, тест алу, диктант жаздыру, кураторлық сағаттарды тақырып бойынша дайындық жасау арқылы өткізу туралы сөз қозғалды.

3. 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысы бойынша жоспарымен директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Тлеуова Жанар Сапарбековна таныстырды.

Колледждің тәрбиелік мақсаты мен тәрбиелік міндеттері мен тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы негізгі нормативтік құқықтық құжаттары мен білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары, топ жетекшілерімен таныстырып, 2024-2025 оқу жылына арналған колледждің тәрбие жоспарымен таныстырды.

5. Төртінші мәселе бойынша директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Сисенбаева Асем Жанатовна 2024-2025 оқу жылына арналған нормативтік және оқу құжаттамасымен және педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарымен таныстырды.

6. Ақылы топтарда оқитын студенттер: Марат Абуәли Сәбитұлы, Айдарбеков Айбат Кайратович, Илавдин Анфаль Ильясқызы, Асамдунов Фариз Фирдавсович квота бойынша грант топтарына ауыстырылуы туралы да атап өтілді.

### **Шешімі:**

1. Қабылдау комиссиясының 2024-2025 оқу жылына педагогикалық қабылдау бойынша есебі ескерілсін.

2. Педагог қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын қалыптастыру мақсатында , жұмыстар жүргізілсін.

3. Колледждің оқу процесі 2024-2025 оқу жылының нормативтік және оқу құжаттамасына сай орындалсын. 2024-2025 оқу жылына арналған колледждің тәрбие жоспары негізінде жұмыстар жүргізілсін.

4. Педагогтерді аттестациядан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту жайында ұсыныс ескерілсін.

5. Педагогикалық кеңестің дауыс беру шешімі бойынша, келесі студенттер: Марат Абуәли Сәбитұлы, Айдарбеков Айбат Кайратович, Илавдин Анфаль Ильясқызы, Асамдунов Фариз Фирдавсович ақылы топтан грант топтарына ауыстырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



Якенова Куралай Жумабековна

Хатшы:



Акимжанова Лавра Мадиджановна